



Қазақстан Республикасы Астана қаласы,
Ә.Бөкейхан көшесі 10, «Қазақстан
Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасының кітапханасы» ММ Жұртшылықпен
байланыс қызметі
Тел.: 8 (7172) 69-30-56, 69-30-54, 75-12-15
E-mail: presidentlibrary.pr.kz@gmail.com

АҢДАТПА

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы Махмұд Қасымбековтің Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және білім алушы жастармен кездесуі

2018 жылдың 18 қыркүйегінде сағат 10.30-да Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы директорының міндетін атқарушы Махмұд Қасымбеков Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және білім алушы жастармен кездеседі.

Іс-шара **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрме жобасы аясында өтеді.** Іс-шара ауқымды ғылыми-білім беру, мәдени-ағартушылық, сондай-ақ Атырау облысы бойынша көшпелі экскурсияларды қамтиды.

Көрме жобасының мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуын, қоғамның саяси мәдениетінің тарихи эволюциясын және осы үдерістердегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тұлғалық рөлін сипаттайтын деректерді жүйелі түрде ұсыну.

Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрме жобасы 2017 жылдың қарашасында Алматыдан бастау алып, 2018 жылдың ақпан айында Шымкентте өз жұмысын жалғастырды. Екі қалада да жоғары деңгейде өткен көрмені 250 мыңнан астам адам тамашалады.

Жоба Елбасы кітапханасының жинақтарынан ұсынылған қор көрмесіне негізделген. Жинақталып, жүйелендірілген архивтік, кітап, жәдігерлік кешендер тәуелсіздігіміздің, Қазақстандағы Президенттік институттың қалыптасуы мен даму тарихы жайлы баяндайтын бірегей зерттеу, талдау, мәдени-ағартушылық, білім беру, ақпараттық алаңын ұсынады.

Көрме бір айға созылатын жұмысы барысында сарапшылар қауымдастығының кездесулері, ғалымдар, мәдениет және білім саласы мамандары бас қосатын форумға айналатын болады.

Атырау облысының қалың жұртшылығына арналған жоба 17 қыркүйекте өз жұмысын бастайды.